2019 жылғы «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша талдамалы анықтама

Нұр-Сұлтан қаласы **«10» желтоқсан 2019 жыл**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің типтік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін кәсіпорын қызметінде «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК (бұдан әрі – Орталық) директорының 2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 62 н/қ бұйрығымен келесі құрамдағы жұмыс тобы құрылды:

1) М.Д. Қасқырбаев - Директор, топ жетекшісі

2) Р.Т. Айтбаева– директордың қаржы және ұйымдастырушылық қызмет жөніндегі орынбасары;

3) Р.Т. Қайырбаев– директордың жоғары жетістіктер спорты және өңірлік даму жөніндегі орынбасары;

4) Б.К. Әубәкірова– бас бухгалтер;

5) А.С. Нұрғалиева - әкімшілік-жоспарлау бөлімінің басшысы;

6) Қ.А. Сеитбеков - Спорт бөлімінің басшысы;

4) А.Б. Ермағамбетова– кадр жөніндегі инспектор;

5) А.Т. Сақтағанова– заңгер (жұмыс тобының хатшысы).

Талдау түрі: сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша Орталық қызметіне ішкі талдау жүргізу.

Талдау кезеңі: 2019 жылғы.

Жұмыс тобы екі бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

1. «Орталық қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша: 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ ҚР Еңбек кодексі, «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ ҚР Заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ ҚР Заңы, «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысы, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы»,

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы, «Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары түрлерінің тізбесін және олардың қызметі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 106 бұйрығы, «Спорт түрлерін, спорт салаларын тану және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2014 жылғы 28 қазандағы № 55 бұйрығы, «Мәдениет, тілдерді дамыту, мұрағат ісі және құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 342 бұйрығы, «Дене шынықтыру және спорт саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын және шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 157 бұйрығы.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді ерікті түрде түсіндіруге мүмкіндік беретін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін, құқықтық кемшіліктерді іске асырған кезде кедергілердің тууына ықпал ететін, әкімшілік-басқарушылық персоналдың өз қарауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін ережелер анықталған жоқ.

2. «Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша:

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың алмасушылығы;

Орталықтың штаттық саны 2019 жылдың соңында 37 адамды құрады, оның ішінде 3 адам өз еркі бойынша жұмыстан босатылды, 8 адам қабылданды. Теріс уәждер бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер болған жоқ.

Барлық қызметкерлер лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді және жоғары білімдері бар. Оның ішінде: педагогикалық – 9, экономикалық – 8, заң – 1, дене шынықтыру және спорт - 16, өзгесі - 2. Біреуден артық жоғары білім – 6 қызметкерде бар.

Орталық пен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті арасында 2018 жылғы 05 мамырда Кадр саясатындағы меритократия қағидаларын бекіту жөніндегі келісім жасалды, сондай-ақ 2018 жылғы 05 мамырдағы № 27 н/қ бұйрығымен бекітілген Орталықтағы бос азаматтық қызмет лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары қолданылады.

Орталықтың ресми интернет-ресурсында «Бос жұмыс орындары» бөлімінде бос лауазымдар туралы ақпарат орналасқан.

2019 жылы 1 қызметкер тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды, аталған теріс қылықтар «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК-ның Еңбек тәртіптемесі қағидаларының 43-тармағын бұзу, еңбек тәртібін бұзуда көрініс тапты. Жүргізуші И.В. Смелянецке ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Жұмыскерден тәртіптік жаза жасау фактілері бойынша түсініктеме талап етілді. Тәртіптік жаза Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің барлық қажетті рәсімдерін сақтай отырып жүзеге асырылды. Орталық директорының бұйрығымен 2019 жылғы 5 сәуірдегі № 12 ж/қ қызметкердің мерзімінен бұрын алынып тасталуы тәртіптік жаза.

Орталықтың барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті беретін сотталғандықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы тапсырды. Орталық жұмыскерлерінің ешбірінде сотталғандық жоқ. Жеке және заңды тұлғалардан Орталық атына шағымдар түскен жоқ.

2) Орталық мемлекеттік қызметтер көрсетпейді;

3) Орталықтың медициналық қызметті жүргізуге арналған 05.06.2018ж. алынған № 18011180 мемлекеттік лицензиясы бар (2019 жылғы 4 желтоқсандағы № 002 қосымша).

Орталық қызметкерлеріне қатысты негативті материалдарды анықтау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде негативті материалдар анықталған жоқ.

2019 жылғы 4-15 қараша аралығында орталықта Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Ішкі аудит қызметі 2016 жылғы 1 шілдеден бастап 2019 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде ішкі мемлекеттік аудит өткізді. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты мен мәні кәсіпорын қызметінің барлық бағыттары бойынша тиімділікті талдау және бағалау, бюджеттік шығыстармен өзара байланыста даму жоспарларының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу тиімділігі болып табылады.

"Кәсіпорынның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін кәсіпорынның бюджет қаражатын, ресурстарын және активтерін басқару және пайдалану өнімділігін бағалау" көрсеткішінің қорытындысы: Кәсіпорын негізгі қызметті орындау үшін жалпы сомасы 544384,5 мың теңге бюджеттік қаражатты пайдаланды. Соңғы 2 жылда кәсіпорынға бөлінген бюджет қаражаты 18,2% - ға өсті. Бюджет қаражатын басқару және пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және кәсіпорынмен Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері шеңберінде әзірленген жеке ішкі ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Кадрлардың тұрақтамауына қарамастан, кәсіпорын жарғысында көзделген негізгі міндеттерді орындайды. Алайда, кәсіпорында кейбір Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің жағдайларының сақталмағандығы анықталды.

Аудит объект ұсынған құжаттарға сәйкес, аудит бағдарламасымен белгіленген ішінара әдіспен қатаң сәйкестікте және көлемде жүргізілді. Аудит объект ұсынған құжаттарға сәйкес, аудит бағдарламасымен белгіленген ішінара әдіспен қатаң сәйкестікте және көлемде жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері министрлігіне бұзушылықтарды жою туралы Шешімді орындау бойынша 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 01-02/270 хат жолданды. 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 424 төлем тапсырмасы 190 032 теңге сомасында артық есептелген және төленген жалақыны республикалық бюджеттің кірісіне қайтару және іссапар шығыстары бойынша 225 035 теңге сомасында артық төлемдер жүзеге асырылды.

Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ.

goszakup.gov.kz порталында камералдық бақылаудан хабарламалар келіп түскен жоқ.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдері бойынша өткізілген талдау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

3. Орталық қызметкерлерінің мүдделерінің қайшылықтары бойынша.

Орталық қызметкері өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында бола алатын мүдделер қақтығысының жағдайлары тіркелген жоқ.

4. Өзге мәселелер (сыбайлас жемқорлық саясатын іске асыра бойынша қабылданып жатқан шаралар).

Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің тиімділігі «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығының іске асырылуын қамтамасыз ету туралы бірінші басшының актілерін қабылдаумен қамтамасыз етіледі. Орталықтың ресми интернет-ресурсында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» арнайы бөлімі жұмыс жасайды, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша жұмыстарға қатысты барлық материалдар мен құжаттар орналастырылған.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мақсатында, интернет-ресурста «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, 2018 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары, «Мемлекеттік сатып алу» арнайы бөлімінде Мемлекеттік сатып алу жоспары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар, сондай-ақ 2017 жылдың екінші жарты жылдығындағы, 2018 жылдың бірінші жарты жылдығындағы Орталық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша талдамалы анықтамалар орналастырылған.

Орталықтың ресми интернет-ресурсында азаматтарды қабылдау кестесі орналастырылған.

Мемлекет Басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы "қазақстандықтардың әл-ауқатының артуы: табыстар мен өмір сүру сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп барлық өңірлерде "Адалдық алаңы" жобасын жүзеге асыруда., ұжымдарда салауатты моральдық-психологиялық климат құру,

қоғамның Министрлік пен оның ведомстволарына, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдарға деген сенімін арттыру.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2019 жылғы 24 қазандағы № 08-03-11/3216-И хатына сәйкес, Орталыққа жұмыстың осы бағыты бойынша, оның ішінде халыққа консультация беру және ведомстволық бағынысты ұйымның қызметіне қатысты мәселелерді жедел шешуге көмек көрсету жөніндегі функциялар жүктелген жауапты құзыретті тұлғаны анықтау тапсырылды.

Жауапты тұлға қоғамдық қабылдаудың жұмыс істеу принципі бойынша аптасына 3 рет күніне 2 сағаттан (күннің бірінші және екінші жартысын кезектестірумен) азаматтарды қабылдауды ұйымдастырады.

Орталық сайтында "Адалдық алаңы" жобасы аясында спорт бөлімінің басшысы Қ. А. Сейітбековтың азаматтарды қабылдау кестесі орналастырылған.

Директордың және директордың орынбасарларының 2019 жылдағы кірістері, шығыстары, мүлкі және мүліктік сипаттағы міндеттемелері туралы мәліметтер (декларациялар) уақтылы ұсынылып тұрады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы түрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады. Атап айтқанда, қызметкерлер Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті ұйымдастыратын семинарларға, дөңгелек үстелдерге және басқа да іс-шараларға қатысап отырады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 14-11/6-ARTA-2019 хатына сәйкес орталық мамандары 2019 жылғы 11 шілдеде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру" тақырыбында семинар-кеңес жұмысына қатысты. Орталықтың қызметкерлерімен қорытынды бойынша семинар-мәжіліске қатысқандығы туралы сертификат алынды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен 2019-2020 жылдарға арналған мақалаларды жариялау кестесіне сәйкес, дене шынықтыру және спорт саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы "спорт саласындағы сыбайлас жемқорлық туралы" мақала "Спорт" газетінде 2019 жылғы 30 шілдедегі № 27 (5222) жарияланды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының жасалуын және басқа да заң бұзушылықтарды болдырмау мақсатында, Орталықтың әр қызметкеріне Қазақстан Республикасы заңнамалары нормаларының сақталу міндеттілігі туралы ақпарат жүйелі түрде жеткізіліп тұрады.

Аппараттық мәжілістерде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама ережелері, оның ішінде пара алғаны және бергені үшін жаза тағайындау, парақорлыққа делдал болғаны үшін пара сомасына еселенген айыппұл түрінде жаза белгілеу, сенім жоғалтумен байланысты жұмыстан босату туралы заң ережелері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзгерістері, Орталық қызметкерлерінің, олардың еңбек міндеттерін орындауымен байланысты сыйлық сыйлауға

(алуға) қатысты оларда жағымсыз көзқарас қалыптастыру бойынша ережелер қызметкерлерге жүйелі түрде жеткізіліп тұрады.

Жоғарыда мазмұндалғанды негізге ала отырып, жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша ұсыныстарды енгізеді:

1. Жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мүдделер қайшылығы аймақтарына жататын қызметке үнемі ішкі бақылауды және аудитті жүргізу.
2. Ұжымда адал еңбек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа деген «нөлдік төзімділік» қасиеттерін қалыптастыру.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша семинарлар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шараларды өткізу.

Директор, топ жетекшісі	_____ М.Д. Қасқырбаев
Директордың орынбасары	_____ Р.Т. Айтбаева
Директордың орынбасары	_____ Р.Т. Қайырбаев
Бас бухгалтер	_____ Б.К. Әубәкірова
Бөлім басшысы	_____ А.С. Нұрғалиева
Бөлім басшысы	_____ Сеитбеков Қ.А.
Кадр жөніндегі инспектор	_____ Ермағамбетова А.Б.
Заңгер, хатшы	_____ Сақтағанова А.Т.